

*Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

«Бақытты балалық шақ»

(кіші «Алпамыс» тобының 1 маусым Балалар мерекесіне арналған ертеңгілік)



Тәрбиеші: Сатыбалдиева

Таушық

Мақсаты: балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, әндерді нақышына келтіріп айтуды үйрету, балаларға жақсы көңіл-күй сыйлау.

Барысы:

Сиқыршы: -Сәлеметсіздерме қонақтар, құрметті балалар! Бүгінгі 1 маусым Халықаралық Балалар қорғау күні құтты болсын. Сендерге арналған керемет сиқырым бар.

-Абырада, Дабыра, Сууууф

(Сиқырын жасап, сиқырдан Барби мен Элза шығады, екеуі сиқырдан шығып, таң қалып),

Барби: -Уау мен қайда келдім, Бұл жақ өте керемет, әдемі. Қандай ғажап әлем. Бүгін қандай мереке, барлығын әсемдеп қойған. Ал сен кімсің.

-Мен Элзамын. Мұз жақтан келдім. Мені сиқыршымыз сиқырлап осы жаққа әкелді. Маған бұл жер ұнап тұр.

Ал мен Барби, Бұл жаққа қандай мереке болып жатқан.

Сиқыршы: -Иә мен сендерді сиқырладым, Бүгін 1 маусым Халық аралық Балаларды қорғау мерекесі. Бұл балабақша, осы жерден балалар мерекені атап өтпекші. Олар ертеңгілігіне жүргізуші іздеп жатыр. Сендер соған жүргізуші болуға келісеңдерме? Балалармен көңіл-күйлеріңді көтересіңдер, қызықты болады, шын айтам.

Барби: -Ол қалай болар екен.

Екеуі бірге: Жарайды келіссек келісейік.

(Музыка ойналады. Жүргізушілер қолдарына қағаздарын алып шығады)

Барби: Баршамызды бала тілімен баурайтын,

Бала деген бір бақыт қой самғайтын.

Ата - ананың арманы мен тілегін,

Бала емес пе?, бал бұлақтан жалғайтын.

Армысыңдар балалар, бармысыңдар!

Жазда келді, жайнаған гүлді шыңдар.

Алдыменен алайық амандасып.

Армысыңдар, бәрінде армысыңдар!

Мерекеге жиналған барша қонақтар, бүгінгі 1 маусым Балаларды қорғау күні құтты болсын. Ол дегеніміз- әрбір сәбидің тыныштығын қорғау, тәтті ұқысын бұзбау, алаңсыз күлкісін тоқтатпау. «Бақытты балалық шақ» атты балабақшамыздың ертеңгілігіне қош келдіңіздер. Балалар күніне арналған ертеңгілігімізді ашып беру және мерекелік лебізін білдіру үшін балабақшамыздың басшысы А.Е.Баяноваға сөз кезегін берейік.

Барби: -Бізбен бірге бар әлем,

Қуанады балаша

Қуанышқа бөленген

Өмір қандай тамаша...

(Элза ойланып қалады)

Элза: -Барби –сен неге ойланып тұрсың?

Барби: - Элза біз барлығымыз бір жер шарында өмір сүріп жатырмыз. Ал қазір қай елде, яғни мемлекетте тұр екенбіз деп ойланып тұрғаным.

Элза: -Барби, біз қазіргі таңда қазақ тілінде сөйлеп, Қазақстан елінде тұрмыз. Қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары, киімдері өте керемет, өнерлері өз алдына.

Барби: -Қазақ халқының киімдерін, өнерлерін көруге асығып тұрмын.

Элза: -Қане, ендеше. Кішкентай қыздарымызды «Қамажай» биімен ду қол шапалақпен қарсы алайық.

Қазақ биі «Қамажай» би «Алпамыс тобы

Барби: -Керемет қазақтың ұлттық киімдері әдемі, билеген биін айтсаңшы. Элза «Күншуақ» бөбекжай бақшасының тәрбиешілеріде өнерлі екен.

Элза: -Не ісімен өнерлі?

Барби: -Олар балабақшаларына арнап, ән шығарған.

Көк аспанда күн күлсін

Бірге күлсін бүлдіршін

Көк аспанда күн күлсін

Жерге ұдайы нұр құйсын!

«Күншуақ» әнімен балабақшаның тәрбиешілерін қарсы алыңыздар.

Ән «Күншуақ»

(Тәттібек шығады)

Тәттібек: -Ой мен адасып кеттім, Ертегілер еліндегі балалардан тәттілерімді алысқа тығып қоям деп, адасып кеттім. Барлық тәттімді арқалап, қашқаным сол еді.

Барби: -Тәттібек сен Күншуақ балабақшасына келдің. Бұл жақта 1 маусым Балаларды қорғау мерекесі өтіп жатыр. Сенде бізге қосыл, мерекені бірге атап өтейік. Бұл жақта ән айтылып, би биленіп көңілді өтіп жатыр.

Тәттібек: -Солай ма? Сәлем балалар, бүгінгі мереке құтты болсын.

Элза: -Ендеше сенде тәтті көп екен, балалармен неге бөліспеске. Біздің балабақшаның бүлдіршіндері тәтті өте жақсы көреді.

Тәттібек: -Жарайды, Ол үшін балаларды қуанту мақсатында бір ойын ойнағым келіп тұр. «Тәтті тасу» ойынымды әкелдім. Қане, балалар тез екі топқа бөлініп, арғы беттегі тәттілерді ауызымызға қысып, бергі бетке таситын боламыз.

Ойын: «Тәтті тасу»

Барби: - Күлімде, күн, күлімде!

Күлсін барлық бала шат.

Берекелі бүгіндей,

Бейбіт болсын болашақ!

Жарасыңдар! Өте керемет. Элза сен осы қай жақтан келдің, саған қарасам, салқынды сезгендей боламын.

-Иә, мұзды мұхиттан келдім. Ол жақ өте суық, сықырлаған аяз. Айнала толған мұз.

Барби: -Сен әбден тоңған екенсің, сенің сөздеріңнен менде тоңып қалдым. Олай болса, Африкаға саяхат жасап, ыстықтап, келейік. Қазір сахнаға шығатын Африкадан келген қонақтарымыз келіп тұр.

«Чунга чанга» биімен.

Би «Чунга чанга»

Элза: -Африкадан келген балалар бойымызды әбден жылытып, қыздырдығой. Балалармен нағыз Африкаға барғандай болдым. Барби осы мен саған бір сұрақ қояыншы.

Барби: -Иә, қандай сұрақ, сені мазалап тұрған.

Элза: -Барби осы сен неге әдемісің, сәнді киінесің, саған барлығы қызығып қарайды.

Барби: -Иә, мен тек мерекеде емес, күнделікті үйде де, сыртқа шыққанда да, сәнді киініп, боянып, сұлу болып жүргенді жақсы көремін. Себебі: сұлулықтың символымын.

Элза: -Айтпақшы, саған ұқсағысы келген, барби боламын деген әдемі қыздар сахна сыртында сенімен билеуге асығып тұр.

Әдемі қыздар билесін,

Барби киімін кигесін,

Қәне қарсы, алайық!

Ду-қол шапалақ ұрайық.

Би «Барби»

Барби: - Балалар аман болсын әр үйдегі

Таусылмасын ананың әлдилері

Вальс биін билейді томпаң қағып

«Толағайдың» шуақты сәбилері

Қазіргі шығатын би Махаббатқа толы би. Қарсы алайық «Вальс» биі.

«Вальс» биі

Элза: -Бақшаға біз гүл ексек ,

Балдырғаным, сен үшін,

Бақытыңды жыр етсек,

Балдырғаным, сен үшін

Барби:Жігіт болар, күні ертең

Балдырғаным, гүл еркем

Бақытты бол, өсе бер,

Құтты болсын мерекең!

Хор «Бақытты балалық шақ»

Барби: -Ертеңгілігімізде өз мәресіне жетті. Бақытты баланың жүзін көріп, өзің бала болғың келеді екен.

Тәттібек: -Иә, балалар бір-бірінен өткен тәтті екен. Рахмет сендерге, мен сенді көріп, өнерлеріңе тәнті болдым. Тағыда мерекелерің құтты болсын.

Элза: -Рахмет саған Тәттібек, балалардың мерекесін тойлауға ат салысып, тәттілерінді таратып бергенің үшін.

-Бала деген бал дерсің, ел еркесі

Әрбір үйдің шаттығы берекесі

Бүгінгі күн мінекей балғындардың

Қуанышқа кенелген мерекесі, - балалар бүгінгі мерекелерің тағыда құтты болсын! Осымен «Бақытты балалық шақ» атты мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.

Сиқыршы бізді сиқырлы бізде елімізге қайтайық.

-Суф